ШЕШІМ
КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН

2024 жылғы 03 қазан Іс № 3514-24-00-2/4898 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысы ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының судья Жумашев А.К., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Дугаров Бекнур Ардакович атынан «Дугаров» дара кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ЖЕДЕЛ БӨЛІМ:

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының Дугаров Бекнур Ардакович атынан «Дугаров» дара кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Дугаров Бекнур Ардакович атынан «Дугаров» дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дугаров Бекнур Ардакович атынан «Дугаров» дара кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Жумашев**

Көшірме дұрыс.

Судья **А.Жумашев**

Анықтама: Шешім 2024 жыл «13» қарашада заңды күшіне енді

Судья **А.Жумашев**

Құжатқа қол қойылған: Жумашев А. К., 03.10.2024

514-24-3-1/5370